

Мазмұны

КІРІСПЕ.....	3
1-БӨЛІМ. ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ТАЛДАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ.....	4
1. Кәсіпорынның шаруашылық қызметін қаржылық және басқарушылық талдау пәні, мақсаты және міндетті.....	4
2. Шаруашылық қызметті қаржылық және басқару талдау әдістері мен әдістемесі.....	6
3. Шаруашылық қызметті қаржылық және басқару талдаудағы резервтерді анықтаудың әдістері.....	9
4. Талдауды ақпаратпен қамтамасыз етудің жүйесі.....	10
2-БӨЛІМ. КӘСІПОРЫННЫҢ ӨНДІРІСТІК РЕСУРСТАРЫН ТАЛДАУ.....	12
5. Негізгі қорларды экономикалық талдау.....	12
6. Материалдық қорлардың пайдалануын және жағдайын талдау.....	14
7. Еңбек ресурстарының пайдалануын және әлеуметтік даму нәтижелерін талдау.....	16
8. Өнімнің (жұмыс, қызмет) өндірістік және өткізу шығындарын және өзіндік құнын талдау.....	18
ТЕСТ СҰРАҚТАРЫНЫҢ ҚОРЫ	20
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	24

КІРІСПЕ

Кәсіпорынның тиімді қызмет етуін қамтамасыз ету, олардың қызметін экономикалық басқаруды яғни талдауды талап етеді.

Талдау – бұл, іштей өзіне тиесілі құрамдас элементтерге объектінің бөлістірілуі. Талдау қызметтің әртүрлі саласында маңызды, осыған қоса экономика да қатысты болып келеді. Негізінде талдаудың ролы, нарық шаруашылығында өсе түсуде, яғни бұл жағдайда тиімді, бәсекеге қабілетті, өз уақытында өзгермелі жағдайға бейімделу қабілеттілігі бар өндіріс қана тіршілігін жасайды.

Шаруашылық қызметті талдау, бизнесте экономикалық шешімді қабылдаудың ғылыми базасы болып табылады.

Квалификацияланған экономист, қаржыгер, бухгалтер және басқа да экономика бағытындағы маман иесі экономикалық зерттеудің қазіргі әдістерін білу, жүйелі комплексті микроэкономикалық талдаудың кәсібилігіне ие болуы қажет.

Тек қана талдау менеджерлерге негізделген басқару шешімдерін қабылдауға, даму бағыттарын дер кезінде өзгертуге, іс-әрекетті жоспарлауға және оның нәтижелерін бағалауға және барлық аспектілері бойыша шаруашылық жүргізудің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Әдістемелік нұсқау кәсіпорында талдау жұмысының негізгі бағыттарын қарастырады.

Нұсқаудың бірінші бөлімі бойынша, шаруашылық қызметті қаржылық және басқару талдаудың әдістемесін, негізгі амалдары мен әдістерін оқып зерттеуді қамтиды.

Нұсқаудың екінші бөлімі кәсіпорынның өндірістік ресурстарын талдауға арналаған, яғни кәсіпорынның мүлік жағдайын және оны қалыптастырудың көздерін комплексті бағалауға мүмкіндік береді.

Әрбір бөлім, қарастырылған деректерді өте жақсы меңгеруге мүмкіндік беретін өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар мен тапсырмалардан тұрады.

1-БӨЛІМ. ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ТАЛДАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

1-тақырып. Кәсіпорынның шаруашылық қызметін қаржылық және басқарушылық талдау пәні, мақсаты және міндетті.

Негізгі түсініктер: Экономикалық талдау, макро және микроэкономикалық талдау, шаруашылық қызметті қаржылық және басқару талдау (ШҚҚЖБТ) мазмұны мен міндеттері, түрлері және жіктелімі, шаруашылық қызметті қаржылық және басқару талдау (ШҚҚЖБТ) пәні мен объектілері, принциптері, және басқада ілімдермен байланысы.

1.1 Әдістемелік нұсқаулық

Табиғат құбылысын және қоғамдық өмірді зерттеу талдаусыз мүмкін емес.

Экономикалық талдау – бұл экономикалық құбылыстар мен процестерді, құрамдас бөліктерге бөлшектеп бөлу негізінде әртүрлі өзара байланыстарды зерттеу арқылы олардың мәнін ашудың ғылыми тәсілі.

Талдау өз кезегінде макро және микро экономикалық талдауға жіктеледі, яғни **макроэкономикалық талдау**-дүние жүзілік, ұлттық экономика және оның дара салалары деңгейінде экономикалық құбылыстар мен процесстерді зерттеу, ал **микроэкономикалық талдау**-шаруашылықтың дара субъектісі деңгейінде құбылыстар мен процесстер зерттеледі.

Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметін **талдау пәні** болып экономикалық құбылыстар мен процесстердің себеп-салдар байланысы табылады.

Зерттеу пәні болып типтік белгілері негізінде экономикалық процесстердің дұрыс барысының бұзылуы сипатын болжау (талдау жүргізу негізінде) және белгілеу табылады. Экономикалық процестің дұрыс барысының бұзылу белгілерін білу, тікелей өлшемсіз яғни қосымша уақыт пен құраларды талап етпейтін әрекет арқылы бұзықшылық сипатын жедел және дәл, нақты анықтауға мүмкіндік береді.

Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметін **талдаудың мақсаты** оның қызметінің барлық түрлерін және олардың нәтижелерін жүйелі зерттеу негізінде жұмыс тиімділігін арттыру.

Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметін талдаудың негізгі міндеттері:

- 1) талданатын объектінің нақты жағдайын тану;
- 2) объектінің құрамын және қасиетін зерттеу, оларды базалық сипаттамалармен, нормативті көлемдерімен салыстыру;
- 3) уақытша-кезең шеңберінде объектінің жағдайындағы өзгерісін анықтау;
- 4) объект жағдайындағы өзгерістерді тудыратын негізгі факторларды анықтау және олардың әсерін есептеу;
- 5) объект дамуының негізгі қарқынын болжау.

Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметін талдаудың міндеттерін анықтау және мақсатын дұрыс таңдау үлкен мағынаға ие. Қойылған мақсаттардың негізінде және қолда бар мүмкіндіктерге байланысты кәсіпорынның шынайы жағдайы анықталады, оптималды шешім қабылдаудың жетісті тәсілдері, басқарудың әдістері және кәсіпорынның қаржылық,

коммерциялық, инвестициялық және негізгі қызметтеріне әртүрлі өзгерістер жүргізіледі. Талдаудың мақсаттар және міндеттер жүйесі, мазмұны, өткізу уақыты және деңгейлері бойынша нақтыланады. Таладудың мазмұнын, мақсатын және міндеттерін дұрыс түсіну үшін оларды жіктеу қажет. Жіктелім үшін төмендегі критерилерді қолдану қажет (1-кесте).

1- кесте

Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметті талдау түрлерін жіктеу

Жіктелім белгілері	Талдау түрлері
1	2
1. Талдау объектісі	Құрылымдық , Функционалдық
2. Басқару жүйешелері	Техника-экономикалық, Қаржы-шаруашылық, Басқарушылық, Әлеуметтік-экономикалық, Экономика-статистикалық, Экономика-экологиялық, Маркетингтік
3. Талдау жүргізу кезеңділігі	Жүйелі, Нақты
4. Талдау сипаты	Динамикалық, Статистикалық
5. Зерттеу сұрақтарының мазмұны мен толықтылығы	Комплексті (жүйелі), Локальды (объектілі), Тематикалық
6. Жүргізу уақыты бойынша	Перспективті (болжамды, алдын-ала), Жедел Қорытынды (ретроспективті)
7. Басқару объектісі	Салааралық, Кәсіпорын деңгейінде, Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері деңгейінде, Қайта өндіріс сатысы бойынша, Ресурс түлері бойынша, Қызмет нәтижелерінің түрлері бойынша
8. Аймақтық белгілері	Шаруаішілік, Шаруааралық
9. Талдау субъектісі	Ішкі, Сыртқы
10. Объектіні зерттеу әдістемесі	Сәйкестендіру, Факторлы, Маржиналды, Экономика-математикалық, Бөлшектенген, Стохастикалық, Функциональды-құндық
11. Нәтижені бағалау нысаны	Сандық, Сапалық
12. Аналитикалық ақпаратты қайта өңдеу тәсілдері	Дәстүрлі (жазбаша) Машинамен (ЭЕМ қолданысы арқылы)

Талдаудың негізгі принциптеріне:

- объектінің нақты жағдайын рәсімдеу шынайылығы;
- ғылыми зерттеу;
- мақсатты бағытталуы;
- басқа талдау түрлерімен байланысы;
- жүйелілік;
- жиынтық;

- варианттылық;
- жеке элементтердің келісілімділігі;
- аймақтық және салааралық арнайылылықты көрсету.

1.2 Өзін-өзі тексеру бойынша сұрақтар

1. Экономикалық талдау дегенде нені түсінеміз.
2. Макро және микро экономикалық талдау айырмашылығы неде.
3. Кәсіпорынды басқаруда және оның қызметінің тиімділігін арттыруда талдаудың ролі қандай. Яғни ол қазіргі таңда неге арта түсуде.
4. Шаруашылық қызметті талдаудың міндеттері қандай.
5. Ілім ретінде шаруашылық қызметті талдаудың мазмұнын ашыңыз.
6. Шаруашылық қызметті талдаудың пәні мен объектілері не табылады.
7. Шаруашылық қызметті талдау жіктелімінің негізгі түрлерін атаңыз.
8. Талдаудың қай түрі өте маңызды: ретроспективті немесе перспективті; жедел немесе қорытынды.
9. Шаруашылық қызметті талдаудың негізгі принциптерін атаңыз және оларға қысқаша сипаттама беріңіз.
10. Шаруашылық қызметті талдаудың басқа ілімдермен байланысы неде көрінеді.

2-тақырып. Шаруашылық қызметті қаржылық және басқарушылық талдау әдістері мен әдістемесі

Негізгі түсініктер: Шаруашылықты қаржылық және басқарушылық талдау әдістері, әдістемесі, факторлық талдау әдістемесі, факторлардың жіктелімі, ақпаратты қайта өңдеудің дәстүрлі әдістері.

2.1 Әдістемелік нұсқаулық

Талдауды жүргізудің әдістемесі пәнді оқып үйренудің көз қарастар және оны зерттеудің нақты әдістері мен тәсілдер жиынтығын білдіреді.

Талдау әдістемесінің ерекшелігі:

- 1) талдау объектісін жан-жақты сипаттайтын көрсеткіштер жүйесін пайдалану;
- 2) бұл көрсеткіштердің өзгеріс себептерін зерттеу;
- 3) көрсеткіштердің өзара байланысын анықтау және өлшеу;
- 4) нәтижелерді жалпылау.

Негізінен талдаудың жалпы және жеке әдістемесі бар.

Жалпы әдістеме экономиканың әртүрлі салаларының әртүрлі объектілерін зерттеуде бірдей қолданылады.

Жеке әдістеме зерттеу объектісін немесе өндіріс типін, сала арнайылылығын есепке ала отырып жалпы әдістемені нақтылауды көздейді.

Әрбір әдістеме өзіне тән әрекеттер жиынтығын тұрады:

- 1) талдау объектісін анықау;
- 2) талдау мақсаты мен міндеттерін қалыптастыру;
- 3) талдау объектісін зерттеуге арналған көрсеткіштер жүйесін бекіту;
- 4) аналитикалық әрекеттерді жүргізудің кезектілігін анықтау;
- 5) зерттелетін объектіні зерттеудің амалдарын таңдау;
- 6) талдау жүргізудің негізі болып табылатын мәліметтер көзін қалыптастыру;

- 7) ақпаратты аналитикалық қайта өңдеуде мақсатты қолданылатын техникалық құралдарды таңдау;
- 8) талдау нәтижесін рәсімдейтін құжатты анықтау;
- 9) талдау нәтижесін тұтынушыларды анықтау.

Жинтықтағы (3) көрсеткіштер жүйесін қалыптастыру және (5) зерттеу амалдарын таңдау әрекеттерін толықтай ашуға тоқталайық.

Талдау жүргізу кезінде зерттелетін объектіге жүйелі көз қараста жүргізілуі тиіс. Бұл дегеніміз талдау объектісін, бірнеше элементтерден тұратын, өзара байланысқан және өзара әрекеттесетін және бірін бірі бағындыратын, сонымен қатар өзгертін жүйе ретінде қарастыру.

Жүйелі көз қарас объектіні терең зерттей отырып, ол туралы толық ақпарат алуға және бұл объектінің құрамдас элементтері арасындағы себеп-салдар байланысын анықтауға мүмкіндік береді. Талдау бір түрінде зерттеу объектісі жүйе болып табылса, басқа түрінде басқа жүйенің бір элементі ретінде қарастырылады.

Әрбір зерттелетін жүйе өзіне тән көрсеткіштер жүйесі сәйкес. Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметін комплексті талдау кезінде жүйе құрамы талдаудың көрсеткіштер жүйесі арқылы көрсетіледі (1-сурет).



1-сурет. Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметін комплексті талдау кезінде жүйе құрамы талдаудың көрсеткіштер жүйесі

Көрсеткіштердің әрбір тобы комплексті талдаудың көрсеткіштер жүйесінің элементі болып табылады, басқаша айтқанда көрсеткіштер жүйесі болып табылады, егерде талдау объектісі болып мысалға, негізгі құралдар, материалдық ресурс, қаржылық жағдай және т.б. яғни бұл жағдайда олардың өздеріне тән элементтері болады, мысалға негізгі құралдары бойынша: қолда бар, қозғалыстағы және жағдайы бойынша көрсеткіштер.

Жалпы талдауда әртүрлі сапалы көрсеткіштердің ауқымды көлемі қолданылады. Осыған байланысты оларды топтау және жүйелеу қажет (2-кесте - 2).

2-кесте

Экономикалық құбылыстар мен процесстерді рәсімдейтін көрсеткіштер жіктелімі

Жіктелім белгісі	Көрсеткіштер
1	2
1. Мазмұны	Сандық , Сапалық
2. Қолданыс ортасы	Жалпы, Арнайы
3. Синтездеу деңгейі	Жалпылама, Жеке, Көмекші (жанама)
4. Есептеу амалы	Абсолютты, Орташа, Қатысты
5. Көрсету амалы	Натуралды, Шартты-натуралды, Құндық Коэффициенттік, Проценттік
6. Факторлық талдаудағы ролы	Факторлы, Нәтижелі
7. Қалыптастыру амалы	Нормативті, Жоспарлы, Есепті, Аналитикалық (бағалау)

Шаруашылық қызметті қаржылық және басқарушылық талдауда әртүрлі техникалық амалдар мен тәсілдер қолданылады. **Талдау тәсілдерін келесі топтарға жіктейміз:**

1. **Ақпаратты қайта өңдеудің дәстүрлі тәсілі:** салыстыру, қатысты және орташа өлшем топтастыру, графикалық және баланстық.

2. **Факторлық талдау тәсілі:**

а) бөлшектеп талдау тәсілі: тізбекке қою, абсолютті және қатысты айырма, индексті, интегралды, пропорционалды бөлу, логорифмирикалық;

б) стохастикалық талдау тәсілі: корреляциялық, дисперсиялық, компоненттік және көпөлшемді талдау тәсілі.

3. **Көрсеткіштерді оптимизациялау тәсілі:** экономика-математикалық әдіс, программалау, ойын теориясы.

Талдау әдістерін екі топқа жіктеуге болады: формалды емес және формалды.

Формалды емес тәсіл логикалық және субъективті зерттеу.

Формалды тәсіл қатал формалды аналитикалық байланыс.

Формалды емес тәсілге.

1. Эксперттік - болған жағдайды жоғары кәсіби маманмен бағалау.

2. Морфологиялық - мүмкін варианттармен сәйкес келуі бойынша альтернативті шешімді жинақтау жүйесі.
3. Рейтингік – бір қатар көрсеткіштер бойынша өте жақсы нәтижелерді анықтау, бөлшектеу және жүйелеу.
4. Фактографикалық – ғылыми жұмыстарда, массалық ақпарат құралдарда тіркелген деректерді талдау.
5. Мониторинг – объект өзгерісін детальді, жүйелі талдау.
6. Логикалық модельдеу – анаитикалық кестелерді, көрсеткіштер жүйесін құрастыру.

Формальды әдістерге келесілер қатысты:

1. Конъюнктуралы – ұсыныс және сұраныс жағдайына қатысты ағымдағы жағдайды орнату.
2. Математикалық – тізбекке қою, абсолютты және қатысты айырма, процент саны, дифференциалды, интегралды, логорифмикалық талдау, жай және күрделі проценттер, дисконттау.
3. Статистикалық – корреляциялық, регрессиондық, дисперсионды, кластерлі, экстарполяциялық талдау, басты компоненттер, орташа және қатысты көлемдер, топтау әдісі, графикалық және индексті әдістер.
4. Шешім қабылдау және операцияларды зерттеу тәсілі – кестелер, ойын, массалық қамсыздандыру теориясын пайдалану.
5. Эконометрикалық - матрицалық, спектральды талдау, өндірістік қызмет, салааралық баланс.

2.2 Өзін-өзі тексеру бойынша сұрақтар

1. Шаруашылық қызметті қаржылық және басқарушылық талдау әдістеріне және оның ерекше белгілеріне сипаттама беріңіз.
2. ШҚҚжБТ әдістемесі нені білдіреді.
3. ШҚҚжБТ қолданылатын негізгі тәсілдерін атаңыз.
4. Факторлық талдау нені білдіреді. Оның міндеттерін атаңыз.
5. Факторлардың негізгі жіктелім түрлерін атаңыз.

3-тақырып. Шаруашылық қызметті қаржылық және басқарушылық талдаудағы резервтерді анықтаудың әдістері.

Негізгі түсініктер: Шаруашылық резервтер, шаруашылық резервтердің жіктелімі, резервтер көлемін анықтаудың әдістемесі.

3.1 Әдістемелік нұсқаулық

Шаруашылық қызметті қаржылық және басқарушылық талдаудағы **шаруашылық резервтер** болып алдыңғы қатарлы тәжірибелерді және ғылыми техникалық прогрестің жетістіктерін пайдалану негізінде ұйымның қызмет тиімділігін арттыру мүмкіндігін айтамыз.

Шаруашылық резервтерді толық анықтау және пайдалану үшін әртүрлі белгілері бойынша жіктеу қажет.

1. **Кеңістік белгілері бойынша:** шаруашылық, салааралық, регионалдық және жалпы мемлекеттік резервтер.

2. **Уақыт белгісі бойынша:** пайдаланылмаған, ағымдағы және перспективті.

3. **Бұйымның өмірлік циклінің сатысы бойынша:** өндірістік алды сатысы, өндірістік және эксплуатациялық саты.

4. **Қайта өндіріс процессінің сатысы бойынша:** өндірістік және айналым саласы.

5. **Резервтерді анықтаудың тәсілі бойынша:** нақты және жасырынды.

Резервтерді іздерстірудің негізгі принциптері:

1. Резервтерді іздестіру ғылыми сипатта болу қажет.

2. Резервтерді іздестіру комплексті және жүйелі болуы тиіс.

3. Резервтер экономикалық негізделген және нақты болуы тиіс.

4. Резервтерді іздестіру жедел болуы тиіс.

5. Резервтерді іздестіру жоспарлы болуы тиіс.

6. Резервтерді іздестіруде резерві ауқымды бағыттар алдын ала анықталуы тиіс.

ШҚҚжБТ-да резервтер көлемін анықтау үшін келесі тәсілдер қолданылады: тура есептеу, салыстыру, бөлшектенген факторлық талдау, функциональдық-құндық талдау, математикалық программалау.

Тура есептеу тәсілі экстенсивті сипаттағы резервтерді есептеуде, яғни қосымша тартылымдар мен шартсыз жоғалған ресурстар көлемінің анық болуы кезінде қолданылады. Жалпы өнім көлемін арттырудың мүмкіншілігі кезінде ($ЖӨК_{артP}$): қосымша ресурстар немесе кәсіпорын салдарынан болған шартсыз ресурстар бойынша жоғалтулар ($ҚР$), бөлінген өнім бірлігіне жұмсалған нақты шығындар ($ЖШ_{нақты}$) немесе нақты ресурс қайтарымдылығына ($РҚ_{нақты}$) көбейту.

$$ЖӨК_{артP} = ҚР : ЖШ_{нақты} \text{ немесе } ЖӨК_{артP} = ҚР * РҚ_{нақты}$$

Салыстыру тәсілі интензивті сипаттағы резервтерді есептеуде, яғни болған жоғалтулар мен мүмкін үнемдеу талданатын кәсіпорынның бекітілген шығындар нормасы немесе алдыңғы қатарлы кәсіпорындарың жетістік деңгейімен салыстырылады.

3.2 Өзін-өзі тексеру бойынша сұрақтар

1. Шаруашылық резервтер болып не табылады.

2. Шаруашылық резервтер жіктелімі.

3. Резервтерді іздеудің негізгі принциптерін атаңыз және ашыңыз.

4. Резервтер көлемін анықтаудың негізгі тәсілдерін атаңыз.

5. Төмендегі мәліметтер негізінде қосымша ресурстарды тарту немесе оларды үнемді пайдалану есебінен өнім көлемін арттыру резервін анықтаңыз (3-кесте).

3-кесте

Көрсеткіштер	Көрсеткіштер деңгейі	
	Есепті жыл	Алдыңғы жыл
Қолданылатын шикізаттар массасы, т	5000	5640
Бұйымға жұмсалған шикізат шығыны, кг	250	240

4-тақырып. Талдауды ақпаратпен қамтамасыз етудің жүйесі.

Негізгі түсініктер: ШҚҚЖБТ-ды ұйымдастырудың негізгі принциптері, ШҚҚЖБТ-дың жүргізушілер және ұйымдастыру нысандары, аналитикалық жұмыстың комплексті жоспары, талдауды ақпараттық және әдістемелік қамтамасыз ету, талдау нәтижелерін құжатта рәсімдеу.

4.1 Әдістемелік нұсқаулық

Кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдау әрекеттілігі өз кезегінде талдауға қажет ақпарат құрамына, мазмұнына, көлеміне және сапасына байланысты.

Талдау үшін қажет барлық ақпарат көздерін **жоспарлы, есепті және есепті емес** болып жіктеледі.

Жоспарлы ақпарат көзіне кәсіпорында құрастырылатын барлық типтегі жоспарлар.

Есепті ақпарат көзіне бухгалтерлік, статистикалық, жедел есеп және сәйкес есептіліктерден алынатын деректерді айтамыз.

Талдауды ақпаратпен қамтуда маңызды рольді бухгалтерлік есеп пен есеп беру алады. Сыртқы талдау есептілік деректедің негізінде жүргізілсе, ал ішкі талдау, толықтылық, жүйелілік ақпарат сипатына ие Бас кітап деректері қолданылады.

Есепті емес көздер:

1. Шаруашылық қызметті реттейтін құжаттар (заңдар, президент жарлығы, үкімет өкімі, кәсіпорын басшыларының бұйрығы мен тапсырысы);
 2. Шаруашылық- құқықтық құжаттар: келісім-шарттар, сот шешімі, тексеріс, ревизия материалдары.
 3. техникалық және технологиялық құжаттама;
 4. Internet және ақпарат құралдары арқылы алынатын ақпараттар.
- Ақпараттар жіктелімі 4-кесте көруге болады.

4-кесте

Ақпарат жіктелімі

Жіктелім белгілері	Ақпарат сипаттамасы.
1. Талдау объектісіне қатысты	Сыртқы, Ішкі
2. Талдау пәніне қатысты	Негізгі, Көмекші
3. Түсім кезектілігі	Тұрақты, Кезекті
4. Үнемі келіп түсу типі	Тұрақты, Шартты тұрақты, Өзгермелі
5. Қайтаөңдеу процессі	Бастапқы, Екінші ретгі
6. Ақпарат көздерінің сипаты	Ресми, Ресми емес
7. Алынуы бойынша	Алынуы мүмкін емес, Алынуы қиын, Алынуы шектелген, Еркін

Талдауды ақпаратпен қамту ақпаратты жинақтау кезінде белгілі талаптардың сақталуын көздейді:

- 1) Ақпарат аналитикалық болуы тиіс, яғни талдау қажеттілігіне сәйкес болуы тиіс;
- 2) Ақпарат, талдау объектісі, пәні, уақыт кезеңі, көрсеткіштерді есептеу әдістемесі, бірлік өлшемі және басқада белгілері бойынша сәйкес болуы тиіс.
- 3) Ақпарат талданатын процес пен құбылысты талдау кезеңінде шынайы және объективті көрсетуі тиіс.
- 4) Ақпарат сапалы болуы тиіс (толық, дұрыс есептеу және рәсімдеу, келісілген)
Мәліметтерді аналитикалық қайта өңдеу жүргізіледі, егерде жинақталған ақпараттар жоғарыда аталған талаптарға сай болса.

4.2 Өзін-өзі тексеру бойынша сұрақтар

1. ШҚҚЖБТ-ды ұйымдастырудың негізгі принциптерін атаңыз.
2. Аналитикалық жұмыстарды ұйымдастырудың негізгі шарттарын атаңыз.
3. Талдаудың негізгі ұйымдастырушылық нысандарын және орындаушыларды атаңыз.
4. Кәсіпорынның аналитикалық жұмыс жоспарын құрастырыңыз.
5. Кәсіпорынды талдаудың ақпараттық базасы не табылады.
6. ШҚҚЖБТ-дағы әдістемелік қамтамасыз ету ролы мен міндеттері.
7. Талдау нәтижелерін рәсімдеу қалай жүргізеді.

2-БӨЛІМ. КӘСІПОРЫННЫҢ ӨНДІРІСТІК РЕСУРСТАРЫН ТАЛДАУ

5-тақырып. Негізгі қорларды экономикалық талдау

Негізгі түсініктер: Негізгі қорлардың (НҚ) қолда барын, қозғалысын және жағдайын талдау, НҚ қозғалыс жағдайын талдау, НҚ жағдайын сипаттау, НҚ қолданыс көрсеткіштерін есептеу және бағалау, Кәсіпорынның негізгі қорлармен қамтылуын талдау, НҚ дың өзгеріс көлемінің және оның активті бөлігінің, өндіріс көлемінің өзгерісіне және оларды пайдалану тиімділігінің көрсеткіштер өзгерісін зерттеу.

5.1 Әдістемелік нұсқаулық

Негізгі қорлардың қолда бары **нақты мерзімге** (кезең басында және аяғында) немесе кезеңге **орташамен** (негізгі қорлардың орташа жылдық құны) анықталады.

Негізгі қорлардың қолда бары және қозғалысы туралы мәлімет келесі көрсеткіштермен сипатталады:

1. **Келіп түсу** немесе **ену** коэффициенті (K_T)

$$K_T = K_e = \frac{HK_{кк}}{HK_{кс}}, \quad (1)$$

мұндағы $HK_{кк}$ – қарастырылған кезеңде кәсіпорынға келіп түскен негізгі қорлардың құны;

$HK_{кс}$ – кезең соңындағы негізгі қорлардың құны.

2. **Жанарту** коэффициенті ($K_{жаңарту}$)

$$K_{ж} = \frac{HK_{ккж}}{HK_{кс}}, \quad (2)$$

мұндағы, $НК_{кжк}$ - қарастырылған кезеңде кәсіпорынға келіп түскен жаңа негізгі қорлардың құны;

3. **Шығу** коэффициенті ($К_{шығу}$)

$$К_{ш} = \frac{НК_{ш}}{НК_{кб}}, \quad (3)$$

мұндағы, $НК_{ш}$ - қарастырылған кезеңде кәсіпорынын шыққан негізгі қорлардың құны;

$НК_{кб}$ - кезең басындағы негізгі қорлардың құны.

4. **Жою** коэффициенті ($К_{жою}$)

$$К_{жою} = \frac{НК_{ж}}{НК_{кб}}, \quad (4)$$

мұндағы, $НК_{ж}$ - қарастырылған кезеңде жойылған негізгі қорлардың құны;

5. **Алмасытру** коэффициенті ($К_{алм}$)

$$К_{алм} = \frac{ОС_{жойлған}}{ОС_{кжк}}, \quad (5)$$

Негізгі қорлардың жағайын бағалау үшін **тозу және жарамдылық** коэффициенті есептеледі.

Тозу коэффициенті ($К_{тозу}$) жарамды пайдаланудың барлық мерзімінде есептелген амортизациялық аударымдар үлесінің бастапқы құнына қатынасы арқылы есептеледі.

Жарамдылық коэффициенті ($К_{жарамдылық}$) мынаған тең ($1 - К_{тозу}$), яғни негізгі қорлардың қалдық құнының бастапқы құнына қатынасы арқылы анықтауға болады.

Негізгі қорларды тиімді пайдалану көрсеткіштері:

1. Негізгі қорлардың **қорқайтарымдылығы**:

$$ҚҚ = \frac{ТО(T)}{НК_{ожк}}, \quad (6)$$

мұндағы, $ҚҚ$ - қорқайтарымдылығы;

$ТӨ$ – ақшалай өлшемдегі өнім көлемі;

$Т$ – тауарларды өткізуден түскен түсім.

$НК_{ожк}$ – негізгі қорлардың орташа жылдық құны.

2. **Өнімнің қорсыймдылығы**:

$$ҚС = \frac{НК_{ожк}}{ТО(T)}, \quad (7)$$

мұндағы, $ҚС$ - өнімнің қорсыймдылығы.

3. **Өнімнің амортизациясыймдылығы**:

$$АС = \frac{А}{ТО(T)}, \quad (8)$$

мұндағы, $АС$ - Өнімнің амортизациясыймдылығы,

A – тауардың өзіндік құнындағы немесе түсім сомасындағы амортизациялық аударымдардың жалпы соммасы

4. Негізгі қорлардың **рентабельділігі**:

$$P_{HK} = \frac{П_{CT}}{HK_{OЖK}}, \quad (9)$$

мұндағы, P_{HK} – негізгі қорлардың рентабельділігі,

$П_{CT}$ – сатудан түскен пайда.

5.2 Өзін-өзі тексеру бойынша сұрақтар

1. Негізгі қорлардың пайдалануын талдаудың ақпарат көздерін және міндеттерін атаңыз.
2. Негізгі қорлардың тезникалық жағдайын және қозғалысын сипаттайтын көрсеткіштерді атаңыз.
3. Негізгі қорлардың пайдалану тиімділігін және интенсивтігін қандай көрсеткіштер сипаттайды, және олар қалай есептеледі.
4. Кәсіпорындардың негізгі өндірістік қорлармен қамтылу деңгейі қалай анықталады.
5. Кәсіпорынның өндірістік қуаттылығы болып не табылады, және оның көлемі ненің есебінен өзгереді.

6-тақырып. Материалдық қорлардың пайдалануын және жағдайын талдау

Негізгі түсініктер: Өндірістік қорларды талдау, материалдық ресурстарды пайдалану мен олардың қорларының жағдайын талдау, өнімнің (жұмыстар мен қызметтердің) өзіндік құнын қалыптастырушы бөлім ретінде материалдық шығындарды талдау.

6.1 Әдістемелік нұсқаулық

Материалдық қорларды талдаудың мақсаты материалдық ресурстардың оптималды көлемін анықтау болып табылады.

Мұндай мақсаттарды орындауда келесі міндеттер орындалады:

- 1) кәсіпорынға қажет материалдық ресурстар деңгейін және нормадан тыс материалдық ресурстарды анықтау;
- 2) Жеткізілім қарқындылығының деңгейін, олардың көлемін, комплектілігін, сапалылығын анықталады;
- 3) Транспорттық дайындау шығындарының көлемін бағалау;
- 4) Материалдық ресурстар бойынша жоғалтулар мен жетіспеушіліктерді анықтау.
- 5) Материалдық ресурстардың есебі;

Материалдық ресурстарды пайдалануды талдау арнайы материалдық баланстарды негізінде жүргізеді.

Материалдық ресурстар мен шығындар балансының схемасы (5-кесте).

5-кесте

Ресурстар		Бөлістірілуі	
Көздері	Көлемі	Бағытталуы	Көлемі
1. Кезең басындағы қалдықтар – барлығы		1. Өндірістік эксплуатациялық	

соның ішінде: - жабдықтаушыда - қоймада - жолда 2. Сатып алулар – барлығы соның ішінде: - импорт 3. Басқада келіп түсулер 4. Өндірістік 5. Қалдықтар 6. Екінші ретті ресурстар		қажеттілік – барлығы соның ішінде: қызметтің негізгі бағыты 2. Күрделі құрылыс 3. Арнайы шығындар Нарықтық қор - экспорт Кезең соңындағы қалдықтар - жабдықтаушыда - қоймада - жолда	
Баланс		Баланс	

Мұндай баланстар әрбір материалдық ресурстар натуралдық және құндық өлшемде құрылады.

Материалдық шығындарды талдаудың мақсаты болып өнім (жұмыс, қызмет) сапасына кері әсерінсіз өнімнің өзіндік құнындағы үлесін азайту табылады.

Талдау кезінде келесілер зерттеледі:

- 1) өндірістегі материалдық ресурстарды рационалды пайдалану көрсеткіштері;
- 2) материалдарды мәжбүри алмастыру, қажетті материалдардың жоқ болуына байланысты, құрылғылардың және жұмысшылардың тұрып қалулары және жоспардан тыс қалдықтар кезінде пайда болатын жоғалтулар;
- 3) өндіріс көлеміне, өнімнің (жұмыс, қызмет) өзіндік құнына және сатудан болатын табысқа материалдық ресурстарды пайдалануды және материалдық техникалық қамсыздандыруды ұйымдастырудың әсері.

Өндірістегі материалдық ресурстарды пайдаланудың көрсеткіштерін екі топқа жіктесе болады:

- 1) жалпылама көрсеткіштер;
- 2) материал сыймдылығының жеке көрсеткіштері.

Жалпылама көрсеткіштерге: материал қайтарымдылық, материал сыймдылық, материал шығындарының рентабельділігі, материалдық шығындардың өнімнің толық және өндірістік өзіндік құнындағы үлес салмағы, материалдарды пайдаланудың коэффициенті.

Материал сыймдылығының жеке көрсеткіштеріне: шикізат сыймдылығы, металлсыймдылығы, отынсыймдылығы, энергиясыймдылығы. Олар негізінен материалдық ресурстар жеке түрлері бойынша есептеледі.

6.2 Өзін-өзі тексеру бойынша сұрақтар

1. Неге кәсіпорынға материалдық қорлардың оптималды көлемін білу өте қажет?
2. Материалдық ресурстардың балансын құрастырудың және талдаудың мақсаты неде?
3. Кәсіпорындардың материалдық ресурстармен қамтылуы қалай талданады?
4. Төмендегі мәліметтердің негізінде материалдық ресурстарды тиімді пайдаланудың көрсеткіштерін сипаттаңыз (6-кесте).

Көрсеткіштер	Жоспары	Нақты
Сатып алынған шикізаттардың массасы, т	5000	5500
Өтпелі қалдықтардың өзгерісі, т	-200	+100
Қалдықтар, т	100	209
Шығарылған өнімнің көлемі, шт	17000	17900
Өнім бірлігіне шикізаттар шығындары, т	0,3	0,29

7-тақырып. Еңбек ресурстарының пайдалануын және әлеуметтік даму нәтижелерін талдау.

Негізгі түсініктер: Еңбек ақыны талдаудың негізгі міндеттері, кәсіпорынның еңбек ресурстарымен қамтылуы, жұмыс уақытты пайдалану қорын талдау, еңбек өнімділігін талдау, еңбек ресурстарын пайдалану тиімділігін талдау, еңбек ақы қорының пайдалануын талдау

7.1 Әдістемелік нұсқаулық

Еңбек ресурстарын талдау өнім, табыс, көлемін арттыру және өнімнің өзіндік құнын төмендетуді сонымен қоса кәсіпорын персоналдары қызметінің тұрақты шарттарын қамтуды қамтамасыз ету үшін олардың тиімді пайдалану деңгейін анықтау **мақсатында** жүргізіледі.

Аталған **мақсатқа** жету үшін келесі міндеттер орындалуы тиіс:

- 1) Кәсіпорын персоналдарын бағалау;
- 2) Өнеркәсіптік өндірістік персоналдарды тиімді пайдаланудың көрсеткіштерін бағалау;
- 3) Еңбек ақы және премиялау;
- 4) Кәсіпорын персоналдарының әлеуметтік қорғанысы.

Кәсіпорын персоналдарын талдауда, персонал саны, құрамы, өзгерісі мен құрлымы, персоналдар қозғалысы, жұмыс уақытын пайдалануын, жұмыс уақытын жоғалту туралы мәліметтерді бағалау бойынша зерттеулер жүргізіледі.

Персонал қозғалысын талдау келесі көрсеткіштермен рәсімделеді:

1. **Қабылдау бойынша айналым коэффициенті** = қабылдануы / орташа тізім саны (10)
2. **Шығу бойынша айналым коэффициенті** = шығуы / орташа тізім саны (11)
3. **Жалпы айналым коэффициенті** = қабылдануы+шығуы/орташа тізім саны (12)
4. **Жұмысшының ауысым коэффициенті** = қабылдануы-шығуы/орташа тізім саны (13)
5. **Жұмысшылар ағымдылығының коэффициенті** = өзбетінше жұмыстан шыққандар + еңбек тәртібін бұзғаны бойынша жұмыстан босатылғандар / орташа тізім саны (14)
6. **Жұмысшылардың тұрақтылық коэффициенті** = кәсіпорында 3 жылдан арттық жұмыс жасаған жұмысшылар / орташа тізім саны (15)

Кәсіпорындардың **еңбек ресурстарымен қамтылуын талдау** екі бағыт бойынша жүргізіледі:

- 1) Сандық талдау – категория және кәсібі бойынша жұмысшылардың нақты санын жоспарлық қажеттілікпен салыстыру;

2) Сапалық талдау – жұмысшылар квалификациясын олардың атқарылатын жұмыс күрделілігімен салыстыру

Персоналдарды талдау жұмыс уақытының қорын пайдалануды талдауды қамтиды. **Жұмыс уақытының қоры** (ЖУҚ) келесі формуламен анықталады:

$$\text{ЖУҚ} = gr \times T \times OY_{\text{жк}} \quad (16)$$

gr – кезеңдегі жұмысшылардың орташа саны, адам;

T – кезеңдегі бір жұмысшының жұмыс істеген күні ;

$OY_{\text{жк}}$ – жұмыс күнінің орташа ұзақтылығы, сағат.

ӨӨП тиімді пайдаланудың көрсеткіштері:

- 1) Еңбек өнімділігі;
- 2) Өнімнің еңбек сыйымдылығы;
- 3) ӨӨП рентабельділігі;
- 4) Еңбекті пайдаланудың жарамдылық коэффициенті;

Еңбек өнімділігінің көрсеткіші келесі формуламен анықталады.

$$\text{ЖӨ} = T \times OY_{\text{жк}} \times C\Theta \quad (17)$$

мұндағы, ЖӨ – бір жұмысшының жылдық өнімділігі, тг.;

T – бір жылдағы бір жұмысшының жұмыс күні;

$OY_{\text{жк}}$ – жұмыс күнінің орташа ұзақтылығы, сағат;

$C\Theta$ – сағат өнімділігі.

Еңбекті пайдаланудың жарамдылық коэффициенті келесі формуламен анықталады:

$$K_{\text{епж}} = T\Theta_{\text{ас}} / EШ_{\text{ас}}, \quad (18)$$

мұндағы, $K_{\text{епж}}$ – еңбекті пайдаланудың жарамдылық коэффициенті;

$T\Theta_{\text{ас}}$ – тауар өнімі адам-сағат;

$EШ_{\text{ас}}$ – еңбек шығындар адам-сағат.

Еңбек ақыны талдау келесі формуламен анықталады:

$$EA_{\text{жыл}} = EA_{\text{орт.сағ}} \times T \times OY_{\text{жк}}, \quad (19)$$

мұндағы, $EA_{\text{жыл}}$ – жылдық еңбек ақы;

$EA_{\text{орт.сағ}}$ – орташа сағаттық еңбек ақы;

T – бір жылдағы жұмыс күні;

$OY_{\text{жк}}$ – жұмыс күнінің орташа ұзақтылығы.

Кәсіпорын персоналдарын әлеуметтік қорғау кәсіпорынның әлеуметтік дамуының нәтижесіне байланысты. Бұл нәтижелер бірнеше бағыттары бойынша талданады:

- 1) Жұмысшылардың квалификациясын арттыру.
- 2) Еңбек шарттаы мен жұмысшылардың денсаулығын нығайтуды арттыру.
- 3) Жұмысшылардың әлеуметтік-мәдени шараларды арттыру.
- 4) Әлеуметтік жеңілдіктер мен төлемдер жүйесін дамыту.

7.2 Өзін-өзі тексеру бойынша сұрақтар

1. Еңбек ресурстарын талдау қандай мақсатқа ие.
2. Персоналдар құрылымының, персоналдар құрамынан айырмашылығы неде
3. Персоналдар жіктелімінде қолданылатын қандай критерилер бар.
4. Персоналдарды талдауда, оның тұрақтылығы туралы ақпарат қандай жағдайды көрсетеді.
5. Кәсіпорындардың еңбекпен қамтылуын қалай бағалауға болады.

6. Кәсіпорын персоналдарын талдауда жұмыс уақытын талдаудың ролы қандай.
7. Еңбек өнімділігіне қандай факторлар әсер етеді. Олардың қайсысымен бұл әсерді сандық есептеуге болады.
8. Еңбек ақыны және премиялауды талдау қандай мақсатта жүргізіледі.
9. Барлық кәсіпорындарда персоналдардың әлеуметтік қорғанысын талдау дұрыс па.

8-тақырып. Өнімнің (жұмыс, қызмет) өндірістік және өткізу шығындарын және өзіндік құнын талдау.

Негізгі түсініктер: Шығындар жіктелімін талдау, Шығындар калькуляциясын талдау, 1 теңгелік өнім (жұмыс, қызмет) шығынын талдау, Функционалдық-құндық талдау.

8.1 Әдістемелік нұсқаулық

Өнімнің (жұмыс, қызмет) өндірістік және өткізу шығындарын және өзіндік құнын талдаудың басты мақсаты өнімді жабдықтау, өндіру және өткізу процессінде кәсіпорын ресурстарын тиімді пайдалануын арттыру табылады.

Осы мақсатқа жету барысында келесі **міндеттер** шешіледі:

- 1) әртүрлі критерилері бойынша шығындар жіктелімін жүргізу, олардың өзгерісін, құрылымын және өзгеріс құрылымын есептеу;
- 2) әртүрлі мақсатта және әдістермен жүргізілетін шығындар калькуляциясын талдау;
- 3) жалпы және элементтері бойынша 1 теңгелік тауарлық немесе сатылған өнімнің шығындарын есептеу және олардың өзгеріс себептерін бағалау;
- 4) Өнімнің (жұмыс, қызмет) өзіндік құнына әсер ететін факторларды анықтау және олардың өзіндік құнға өзгеріс алып келу әсеріне факторлық талдауды жүргізу

Жоғарыда аталған міндеттерді шешу кезінде шығындар сметасы, барлық өнімнің (өндірістік және толық) өзіндік құны, 1 теңгелік өнім (жұмыс, қызмет) шығыны мен шығындар баптарының топтары талданады.

Шығындарды талдаудағы бастапқы әрекет олардың жіктелімі.

Төменде жүргізілген шығындар жіктелімі мерзімі өткен шығындарға жатады. Олар екі топқа жіктеледі:

- 1) белгілі бір кезең аралығында жүргізілген шығындар;
- 2) белгілі бір өнім (жұмыс, қызмет) көлемін өндіру және сату мен байланысты және өнімнің өзіндік құнына жатқызылатын шығындар.

Шығындар сметасын талдау және толық өзіндік құнды есептеу келесі 7-кестеде көрсетілген.

7-кесте

Шығындар элементі	Смета бойынша		Нақты		Смета бойынша ауытқу	
	Абсол. мән, теңге	Шығын. жалпы сома-ғы үлесі, %	Абсол. мән, теңге	Шығын. жалпы сома-ғы үлесі, %	Абсол. мән, теңге (+, -)	Үлес салм.
1. Материалдық						

шығын						
2. Еңбек ақы						
3. Амортизация						
4. Басқада шығындар						
Шығындар қорытындысы						
Өндірістік емес шоттарға жазылған, шығындар						
Алдыңғы кезең шығындар қалд. өсімі (+), азаюы (-)						
Аяқтамаған өндіріс қалд. өсімі (+), азаюы (-)						
Тауарлы өнімнің өзіндік құны						
Коммерциялық шығындар						
Тауарлы өнімнің толық өзіндік құны						

Өнімнің (жұмыс, қызмет) өндірістік және өткізу шығындарының сметасы, экономикалық элементтері бойынша құрастырылады: материалдық шығындар, еңбек ақы шығындары, амортизация және басқада шығындар.

Талдауда шығындардың басқада жіктелімдерін пайдаланса болады:

1. Тікелей және жанама шығындар.
2. Тұрақты және өзгермелі шығындар (директ-костинг).
3. Басқару шешімін қабылдау кезінде есепке алынатын жіне алынбайтын.
4. Жойылатын және жойылмайтын.

Шығындар калькуляциясы - бұл шығындарды белгілі бір шығындар объектісіне (өнімге, процеске, жұмысқа, қызметке, тапсырысқа) жатқызу процесі болып табылады.

Шығындарды калькуляциялаудың бірнеше моделі бар:

- 1) Объект бойынша шығындарды толық бөлістірудің калькуляциялық моделі;
- 2) Жойылатын шығындарды ажыратуға болатын калькуляциялық модель;
- 3) (Директ-костинг) өзгермелі шығындары бойынша калькуляциялық модель;
- 4) (Стандарт-костинг) нормативтік шығындар бойынша калькуляциялық модель.

Бірінші модель бойынша талдау объектісі болып калькуляция баптары бойынша шығындар жіктелімі табылады. Аталған модель бойынша барлық жанама немесе үстеме шығындар өнім бірлігі бойынша бегілі бір база негізінде пропорционалды бөлістіріледі. Біздің елде база ретінде өндірістік жұмысшылардың негізгі жалақысы. Бірақ бұл бөлістірілім кезінде кәсіпорынның барлық бөлімшелері теңестіріледі, яғни олардың жұмыс және өнім арнайылығы жоғалады.

Директ-костинг жүйесі бойынша өнім бірлігінің өндірістік өзіндік құны тек қана өзгермелі шығындардан тұрады. Тұрақты шығындар жеке шотта есепті кезеңнің бітуі бойынша жеке шотта жинақталады да аталған кезеңдегі өндірілген өнімді сатудан алынған табысты азайтуға жұмсалады.

Стандарт-костинг жүйесі бойынша шығындар нормамсы қолданылады, яғни талдау барысында нормативтер есептеліп, оларды ескеру барысында ауытқуларға дұрыс әсер ету жүргізіледі.

1 теңгелік өнім шығынын талдау, бір кәсіпорынның немесе кәсіпорындар арасында әртүрлі өнімнің өндірістік шығындар деңгейін салыстыру үшін қолданылады.

Талдау объектісі ретінде келесілердің түрлілігі табылады:

- 1 теңгелік тауар өнімінің (немесе түсімнің), жоспарлы және нақты шығындары арасында;
- 1 теңгелік тауар өнімінің (немесе түсімнің), есепті және өткен кезеңдегі шығындары арасында;

Функционалдық құндық талдау (ФҚТ) – объектілерді олардың функциясын талдау негізінде жоспарлы рационализациялау. Бұл әдіс шығындарды төмендетудің және ресурстарды үнемдеу резервтерді анықтайды және шоғырландырады.

8.2 Өзін-өзі тексеру бойынша сұрақтар

1. Шығындарды талдауда олардың жіктелімі неге қажет.
2. Өнімнің (жұмыс, қызмет) өндіру және өткізу шығындарының сметасын талдау қандай мақсаты көздейді.
3. Өнімнің (жұмыс, қызмет) өндіру шығындарының өзіндік құнын талдау қандай мақсатта жүргізіледі.
4. Неге смета бойынша жеке-дара шығын түрлері, өзіндік құнымен сәйкес келмейді.
5. Тұрақты және өзгермелі шығындарының жіктелімі қандай аналитикалық мүмкіндіктерге ие.
6. Шығындар калькуляциясының қандай моделі біздің елде қолданылады.
7. Қандай кезде талдау объектісі болып, 1 теңгелік өнім шығындары табылады.
8. Шығындарды азайтуда функционалық-құндық талдау қандай ролді алады.

Шаруашылық қызметті экономикалық талдау бойынша тест сұрақтары

1. Ойда және нақты, құбылысты бөліктерге бөліп немесе нысанды құрылымдық, ойда және нақты қарастыру болып табылады.

А) жоспарлау;

- В) болжау;
 - С) талдау;
 - Д) жобалау;
 - Е) ұйымдастыру.
2. Шаруашылық қызметті талдаудың міндеті не?
- А) шаруашылық қызметтің нәтижелерін бағалау;
 - В) өндірісті бағалау;
 - С) пайданы жоспарлау;
 - Д) пайданы болжау;
 - Е) тұрақтылықты бағалау.
3. Экономикалық талдау қай ғылыммен бірге дами бастады?
- А) математикамен;
 - В) бухгалтерлік есеппен;
 - С) экономикалық теориямен;
 - Д) философиямен;
 - Е) маркетингпен.
4. Шаруашылық қызметті талдаудың мазмұны болып табылады
- А) экономикалық мәліметтерді терең және жан-жақты зерттеу;
 - В) басқару шешімдерін қабылдау;
 - С) ішкі шаруашылық резервтерді анықтау;
 - Д) кәсіпорынның шаруашылық бағдарламаларын орындау;
 - Е) шаруашылық шешімдерін жасақтау.
5. Кәсіпорынның өндірістік бағдарламаларын орындауды қамтамасыз етуде оптималды басқару шешімдерін қабылдау – бұл ...
- А) ШҚТ мазмұны;
 - В) ШҚТ мақсаты;
 - С) ШҚТ міндеті;
 - Д) ШҚТ жоспары;
 - Е) ШҚТ жүйесі.
6. Шаруашылық субъектілерінің тиімді қызмет етуін көтеру және резервтерді анықтау төмендегілердің қайсысына жатады?
- А) ШҚТ негізгі мақсаты;
 - В) ШҚТ мазмұны;
 - С) ШҚТ негізгі міндеті;
 - Д) ШҚТ принципі;
 - Е) ШҚТ бағыты.
7. ШҚТ басты мақсатына жету үшін қай шаралар орындалады?
- А) өткен кезеңдердегі жұмыс нәтижелерін бағалау;
 - В) шұғыл бақылау шараларын жүргізу;
 - С) негативті құбылыстардың алдын-алу шараларын жасақтау;
 - Д) кәсіпорынның тиімді қызмет етуін көтеру;
 - Е) нәтижені көтеру резервтерін табу.
8. Алдағы кезеңде өндірістік жоспарлар мен бағдарламалар жасақтау үшін қажет базалық көрсеткіштерді анықтау қайсыған жатады?
- А) ШҚТ принциптеріне;

- В) ШҚТ функцияларына;
- С) ШҚТ мақсаттарына;
- Д) ШҚТ бағытына;
- Е) ШҚТ міндеттеріне.

9. Нақты мәліметтерге негізделетін талдау қай принципке жатады?

- А) дәлдік;
- В) кешенді;
- С) әрдайымдық;
- Д) жүйелік;
- Е) әрекеттік.

10. Экономикалық құбылысты жан-жақты зерттеу қай принципке жатады?

- А) дәлдік;
- В) кешенді;
- С) жүйелік;
- Д) әрдайымдық;
- Е) әрекеттік.

11. Экономикалық құбылыстарды жекелей емес, өзара байланыстырып зерттеу қай принципке тән?

- А) әрекеттік;
- В) дәлдік;
- С) жүйелік;
- Д) ғылыми.
- Е) әрдайымдық.

12. Әрдайым алдын-ала анықталған уақыт аралығында жүргізілетін талдау қай принципке тән?

- А) қатарластыру;
- В) әрекеттік;
- С) ғылыми;
- Д) әрдайымдық;
- Е) дәлдік.

13. Экономикалық құбылыстарды критикалық зерттеу қай принципке тән?

- А) қатарластыру;
- В) әрекеттік;
- С) ғылыми;
- Д) әрдайымдық;
- Е) объективті.

14. Өндірістік іс-әрекеттің нәтижелілігін көтеру үшін тәжірибелік мақсатта қолданылатын талдау нәтижелерінің қажеттілігі қай принципке жатады?

- А) әрекеттік;
- В) кешенді;
- С) жүйелік;
- Д) әрдайымдық;
- Е) дәлдік.

15. Талдауды жүргізуде экономикалық эффект алу қай принципке тән?

- А) ғылыми;

- В) үнемшілдік;
- С) жүйелік;
- Д) әрдайымдық;
- Е) әрекеттік.

16. Кәсіпорынның заттық және қаржылық жағдайына жалпы баға беру қай талдауға жатады?

- А) сыртқы талдау;
- В) тәуекелді талдау;
- С) шығынсыздықты талдау;
- Д) ретроспективада талдау;
- Е) ішкі талдау.

17. Ғылыми негізделген әдістерді қолдана отырып талдау жүргізу қай принципке тән?

- А) әрекеттік;
- В) әрдайымдық;
- С) жүйелік;
- Д) ғылыми;
- Е) қатарластыру.

18. Ақпараттық қамсыздандырудың көлеміне қарай талдау келесі түрлерге бөлінеді:

- А) өндірістік және қаржылық;
- В) инвестициялық және ішкі;
- С) ретроспективті және кешенді;
- Д) қаржылық және өндірістік;
- Е) сыртқы және ішкі.

19. Кәсіпорын жүйелерін талдауға байланысты талдау келесі түрлерге бөлінеді:

- А) өндірістік және қаржылық;
- В) шұғыл және тактикалық;
- С) кешенді және тақырыптық;
- Д) жобалық және инвестициялық;
- Е) тактикалық және кешенді.

20. Қызметтің уақыттық аспектісі бойынша талдау келесідей түрлерге бөлінеді:

- А) кешенді және тақырыптық;
- В) ретроспективада және перспективада;
- С) ішкі және сыртқы;
- Д) стратегиялық және инвестициялық;
- Е) қаржылық және өндірістік.

21. Талдаудың мазмұны бойынша талдау келесі түрлерге бөлінеді:

- А) шұғыл және тактикалық;
- В) тактикалық және қаржылық;
- С) кешенді және тақырыптық;
- Д) өндірістік және қаржылық;
- Е) тақырыптық және өндірістік.

22. Горизонт бойынша талдау келесі түрлерге бөлінеді:

- А) шұғыл және тактикалық;

- В) стратегиялық және шұғыл;
 - С) тактикалық және стратегиялық;
 - Д) шұғыл, тактикалық, стратегиялық;
 - Е) шұғыл және стратегиялық.
23. Талдау нысаны бойынша талдау келесі түрлерге бөлінеді:
- А) инвестициялық және жобалық;
 - В) маркетингтік, тәуекелді талдау, шығынсыздықты талдау;
 - С) шығынсыздықты талдау және тәуекелді талдау;
 - Д) жобалық және маркетингтік;
 - Е) инвестициялық, жобалық, маркетингтік, тәуекелді талдау, шығынсыздықты талдау.
24. Төмендегі анықтамалардың қайсысы объективтілік принципі мазмұнына жатады?
- А) экономикалық құбылыстарды критикалық талдау;
 - В) ғылыми негізделген әдістерді қолдана отырып талдау;
 - С) нәтижелерге баға беру;
 - Д) талдауда нақты айқындамаларға жету;
 - Е) экономикалық құбылыстарды жан-жақты зерттеу.
25. Төмендегі анықтаулардың қайсысы дәлдік принципінің мазмұнына сай?
- А) экономикалық құбылыстарды жан-жақты зерттеу;
 - В) талдауда нақты сандық айқындамалар алу;
 - С) экономикалық құбылыстардың өзара байланыстылығын зерттеу;
 - Д) нәтижелерді бағалау;
 - Е) нәтижелерді бақылау.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Баканов М.И., Шеремет А.Д. Теория экономического анализа. - М.: Финансы и статистика, 1995.
2. Ефимова О.В. Финансовый анализ. - М., 1998.
3. Кондраков Н.П. Эккаунтинг для менеджеров. Бухгалтерский учет и финансово-экономический анализ: Учебное пособие. - М.: Дело, 1998, гл. 12.
4. Шеремет А.Д., Сайфулин Р.С. Финансы предприятий. - М.: ИНФРА-М. 1997.
5. Шеремет А.Д., Сайфулин Р.С., Негашев Е.В. Методика финансового анализа. - М.: ИНФРА-М, 2000.
6. Савицкая Г В. Анализ хозяйственной деятельности предприятий: Учеб. - Москва: ИНФРА-М, 2002.
7. Экономический анализ: ситуации, тесты, примеры, задачи, выбор оптимальных решений, финансовое прогнозирование: Учеб. пособие / Под ред. М.И. Баканова, А.Д. Шеремета. - М.: Финансы и статистика. 1999.
8. Соболева Е.А., Соболев И.И. Финансово-экономический анализ деятельности турфирмы: Учебно-методическое пособие. - М.: Финансы и статистика, 1999.
9. Бердникова Т.Б. Анализ и диагностика финансово-хозяйственной деятельности предприятия: Учеб. пособие. - М.: ИНФРА-М, 2001.
10. Завьялова З.М. Теория экономического анализа. Курс лекций. - М.: Финансы и статистика, 2002.

11. Бернстайн Л.В. Анализ финансовой отчетности: теория, практика и интерпретация: Пер. с англ. - М.: Финансы и статистика, 2002.
12. Радостовец В. К., Шмидт О. И. Учет затрат на производства и калькулирование себестоимости продукции, работ и услуг. Алматы, Бико, 1998 г.
13. Тулегенов Э. Т., Охолтонова Э. А. Нормативный метод учета затрат на производства. М. Фин. и стат., 1989 г.
14. Н. П. Кондраков, М. А. Иванова. Бухгалтерский управленческий учет. Учебное пособие. М. Инфра 2003г.
15. Т. П. Карпова. Управленческий учет. Учебник. М. Юнити, 2003г.
16. Родостовец В. В., Родостовец В. К., Шмидт О. И. Бухгалтерский учет на предприятий. Учебник. 1998г.
17. Н. П. Кондраков. Бухгалтерский учет. Учебное пособие М. Инфра, 2000г.